

егемен

Развешетан

Шүкіршілік

Адам баласында шүкіршілік дейтін ұғым бар. Бұрынғы аталарымыз өздерінің өмір сүру әдебін «қиындық келсе сабыр етеміз, жақсылық келсе шүкір етеміз» деп бағамдаған. Демек «сабыр» мен «шүкір» ұғымдары – қай заманда, қай дәуірде де болсын адамзаттың рухани тірегі һәм адаспас, адастырмас темірқазығы.



Дана Абай атамыз өзінің 38-ші қарасөзінде шүкіршіліктің маңызы мен нығметі жайлы: «Ғибадаттың бәрі шүкіршіліктен туады. Енді зинһар ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Сахиб ниғметке шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәһар болмайсың ба?» дейді.

Сол сияқты, қазақтың үлкен ақыны Қадыр Мырза Әли «Иірім» атты естелік кітабында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ауыл өмірін суреттей отырып: «Әжемiз сыртқы киiмдерiн шешiп, жастығының астына салып қисаяды. Содан соң дауысын шығарыңқырап, «О, Құдай! Бергенiңе шүкiр!» дейдi. Солай деп Жаратқанға ырзашылық бiлдiрiп жатқан әжемiздiң жалғыз ұлынан қара қағаз келген, күйеу баласынан қара қағаз келген! Шалынан түк хабар жоқ. Сөйте тұра «О, Жаратқан! Бергенiңе шүкiр!» дейдi. Несiне шүкiр дейдi?! Осы сұрақты бiз әжемiзге қоямыз. «Шүкiр демегенде не деймiн?! Бұдан да жаман болуы мүмкiн ғой» дейдi ол. Мен бұдан жаман күндердi көз алдыма елестете алмай, шаршаймын да ұйқыға кетем» деп жазыпты. Мiне, бұл – ғасырлардан үзiлмей жалғасып келе жатқан қазақтың имани әдебi, қиындыққа шүкiр етудiң шынайы үлгiсi.

«Жұлдыз» журналының 1988 жылғы №10 санында Шәкәрім қажының немересі Кәмила Ғафурқызының естелігі жарияланыпты. Осында айтылғандай, 1931 жылдың күзінде «Шәкәрімнің отбасысы түгелімен қа-

мауға алынсын» деген суық хабар жетіп, ағайын-туыс, бала-шаға, азан-қазан, у шу болысады. Сол кезде қажының 50 жыл отасқан жары Айғанша бәйбіше: «Кәне, тоқтатындар, біз 50 жыл шалқып өмір сүрдік, ендігі бір зауалдың келетін уақыты болды емес пе, бұрынғы бақытты өмірлеріңе неге шүкіршілік етпейсіңдер?!» деп ақырған екен.